

**2 СЕКЦИЯ. ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР АУҚЫМЫНДА ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА
КОНВЕРГЕНЦИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ**
**ТЕОРЕТИКО-ИСТОРИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ КОНВЕРГЕНЦИИ НАЦИОНАЛЬНОГО
ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В РАМКАХ ИНТЕГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ**

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ МЕН МЕМЛЕКЕТІ ҚҰҚЫҒЫ ТАРИХЫНЫҢ БАСТАУЛАРЫНЫҢ
ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ**

*Шәугенбай А., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ
Қожахметов Ғ.З., з.ғ.д., профессор, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Халқымыздың дербес ұлт ретінде қалыптасқан ұзақ әрі күрделі даму процесінде қазақ құқығының (заңының) тарихы қазіргі кезеңдегі заңтану ғылымының іргелі мәселелерінің бірі. Өйткені, ол қазақтың саяси-қоғамдық тарихының ажырамас бөлігі, қазақ мемлекеттігі тарихының маңызды құрамы болып есептеледі. Сонымен бірге қазақ мәдениеті мен өркениеті тарихында өзіндік салмақты орны бар ауқымды сала. Сондықтан дәстүрге бай қазақ құқығының тарихын қысқаша болса да ғылыми тұрғыдан сараптан өткізіп, талдау жасап, барымызды байыптап, жоғымызды түгендеу алдағы тұрған келелі міндеттердің бірі деп қарауға болады.

Қазіргі дүниеде өзінің ұлттық заңы болмаған, ұлттық құқығының тарихы болмаған бірде-бір мемлекет жоқ. Ұзақ әрі бай тарихы бар қазақ мемлекеттігі де өзінің ұлттық құқығы, заңы бар және оның тарихы бар мемлекет. Бірақ қазақ мемлекетінде осыған дейінгі кезеңде заңтану ғылымы жүйелі түрде қалыптаспағандықтан, қазақ заңтану ғылымының басқа да теориялық мәселелері сияқты, қазақ құқығының тарихы да бір жаққа ысырылып, немесе үстірт зерттеліп, оған оншалықты мән-маңыз берілмеді. Әлемдік заң ғылымының қазіргі талабына қарағанда қандай мемлекет болмасын, өзінің ұлттық заңының тарихы саналы, жүйелі түрде қамтылған ұлттық заң ғылымы болмаса ол елдің тұтас заң ғылымы толыққанды ғылым ретінде қаралмайды, әрі сол елдің заң тану ғылымындағы елеулі кемшіліктердің бірі деп танылады. Сондықтан ұлттық құқықтану ғылымындағы мұндай олқылықтардың орнын толтырып, оны ғылым талабына сай дамыту үшін қазақ заңдарының тарихын, қайнар көздерін қамтыған құқықтану ғылымының жүйесін қалыптастырып, орнықтыру қазіргі кездегі күн тәртібіндегі мәселелердің бірі деп қарауға болады.

Қазақ халқы құқығының тарихы ұзақ әрі күрделі. Біріншіден, жазба деректер шамалы, бытыраңқы болғандықтан, оның үстіне ол деректердің дені басқа тілдерде жазылған, басқа елдердің мұрағаттарында сақталып келгендігі. Екіншіден, қазақ құқығының шығу, жетілу және даму тарихы өзгерістерге толы болды. Сондықтан мұндай ауқымды тақырыпты зерттеуді бір тараудың көлеміне сыйғызып сараптау мүмкін емес. Сондықтан бұл мәселенің негізінен тек қана көкейтесті жақтарын сараптауға мән беріп отырмыз. Халқымыздың құқықтық дамуының тарихи процесіне ресми түрде қысқаша сараптама жасаудан бұрын, оған тікелей байланысты кейбір өзекті мәселелерге тоқтала кеткен жөн болар деп ойлаймыз.

Бірінші: қазақ құқығының (заңының) шығуы.

Қазақ құқығының даму тарихын қозғағанда, ең алдымен қазақ халқының құрамына кіретін, қазақ даласында өмір кешкен байырғы этностарды (тайпаларды) анықтау қажеттілігі туындайды. Мұның себебі: ертедегі қазақ заңдарын дүниеге әкелгендер, бүгінгі қазақ халқының құрамына кіретін байырғы этностар. Егер мұндай тарихи болмыс пен шындық ескерілмесе, қазақ халқының жалпы тұтас тарихынан сөз қозғаудың өзі қисынсыздау болады. Осы тұрғыдан қазақ халқының негізін құраған төмендегі ежелгі әрі іргелі тайпалардың болғанын тарихи фактілер растайды, атап айтқанда олар: сақтар, сарматтар, ғұндар, тохарлар, қыпшақтар болды. Қазіргі қазақ халқы олардың заңды мұрагері, сондықтан сол этностардың өздері жасаған төл тарихының кезеңдері мен географиялық аймақтарында дүниеге әкелген мол мазмұнды заңдарынан, туын желбіреткен мемлекеттерінен, өзіндік мол мәдениеттерінен қазақ халқы өз еншісін алуға хақылы.

Екінші: қазақ құқығының (заңының) бастауы.

Қазақ құқығы көшпелі қазақ қоғамында қауымдық қатынастарды үйлестіріп келген, ең ертедегі іс-әрекет қалыбы, ата-бабалар парасатының бізге жеткен мәңгілік мұрасы. Адамзат қауымдаса бастаған кезден бастап құқықтың (заңның) ең алғашқы өркендері өмірге ене бастады. Сол алғашқы бастау әдет болды. Әдет адамдардың күнделікті өмірінде ұдайы қайталанып тұратын тұрмыс салты. Әдеттің сұрыпталуы мен жаңаанлуынан әдет-ғұрып нормасы дүниеге келді. Әдет нормалары, әдеттенуден барып қалыптасқан өмір тәсілі, тұрмыс дағдысы, іс-әрекет өлшемі. Әдет нормасының

өзгеруі мен жетілуінен әдет-ғұрып пайда болды. Әдет заңы көшпелі қоғамдағы адамдар қарым-қатынасы мен топтар мүддесін үйлестіретін іс-әрекет нормасы. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ заңы немесе әдет заңы болып табылады.

Егер де бабалар тарихына тереңдеп үңілсек, Үйсін, Ғұн тайпалары тарих сахнасына шыққанда мемлекеттіліктің барлық белгі-нышандарын бойына топтастырған құрылым болғанын пайымдаймыз. Өйткені, оларда мемлекеттің негізі болып саналатын өзіндік ерешелігі бар құқық жүйесі қалыптасқан. Өкінішке орай, бұл жөнінде қазақ тарихнамасында ашық мәліметтер өте аз. Бірақ соған қарамастан бір нәрсені сеніммен айтуға болады. Ол Ғұн елінің заңдары сол кезеңде үзілмей шақырылып тұратын «үлкен кеңестер» мен «кіші кеңестерде» жиі талқыланып, билердің қырағы сүзгісінен өтіп өмірге жолдама алатындығы. Осы тұрғыдан Қытай деректеріне сүйенсек, ол былай деп сыр шертеді:

«Сиунунның заңы бойынша қанжар не пышақ салып адамды өлімші етіп жаралағандар өлім жазасында кесіледі, ұрлық жасаушының мал-мүлкі түгел тәркілінеді, жеңіл қылмыс жасағандардың беті тілініп, ауыр қылмыс жасағандарды өлім жазасына белгілеу он күннен әріге созылмайды. Жалпы алғанда мемлекетте мұндай қылмыспен қамауға алынатын күнәлілер онша көп болмайды [1, 25]. Бұл сол дәуірдегі Евразия құрлығындағы теңдесі жоқ іргелі елдің жол-жоралғысынан қысқаша үзінді ғана. Байқап отырсақ, ел билеушілердің өз халқына заң жасау дәстүрі де осы уақыттардан басталған деп пайымдаймыз. Мәселен, дунхулардың бір тармағы сианбилерден шыққан билеуші Таңшыхай даулы мәселелерді шешудің заңын жасайды, оның әділдігі сондай, оны ешкім бұза алмайды [2, 35]. Заң халықтың мүддесін шығу керек деген ойды олар бастан естен шығармаған. Заң түзудің бұл жолы уақыт ырғағына оңтайланып, Түркі дәуірінде, дәлірек айтсақ, Бумын қаған тұсында түркі жұртының іргесін берік ұстау үшін өзіне дейінгі заңдар електен өткізіліп, жарамдысы қалдырылып, қоғам дамуына жауап бермейтіндері ысырылып тасталып, белгілі реформалауды бастан кешкен. Мәселен, Қытайдың Жыу кітабында олардың заңы сараланып көрсетіледі: Қылмыстық заңдар бойынша бүлікшілік, опасыздық, кісі өлтіру, біреудің әйелін зорлау, ат ұрлау-өлім жазасымен жазаланады. Біреудің қызын зорласа, оған мүліктей ауыр айып төлетеді және сол қызға үйленуге мәжбүр етеді. Төбелес кезінде келтірілген зақым үшін айыпты сол зақымның түріне қарай заттай құн төлейді. Мысалы: көз шықса, айыпты қызын береді, егер қызы болмаса әйелінің дүние-мүлкін береді. Ал дененің басқа бір мүшесін зақымдаса, онда жылқы төленеді, ат немесе басқа да зат ұрлаушы сол ұрлығының құнын он есе етіп қайтарады [3, 31-35]. Ол сол кезеңдегі Түрік еліндегі заңдар шонжарлар мен бек-билердің сүзгісінен өтіп, ел мүддесіне жарарлық реттеуші құралға айналған. Байыптап қарасақ, жоғарыдағы Ғұндар мен Түркілердің заңдары бірінен – бір онша алшақ кетпейтін сияқты. Бұдан шығатын түйін бұл заңдардың түп-төркінінің бірлігін аңғартады. Бұл сабақтастық кейін оғыздар тұсында да ары қарай жалғасын табады. Бұны Қорқыт Қарақожаұлы жүйелеген, ел есінде «Қорқыт айтыпты» деген аталы сөздер «өткен» іс қайтып оралмас», «Ескі мамық бөз болмас», «Өлген кісі тірілмес» т.б. [4, 17]. Бұл үрдіс қазақ халқы тарихында Майқы би тұсында өз жалғасын табады. Тарихи деректерге сүйенсек, Майқы би XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың басында Шыңғысханға кеңесші болған. Бұл фактыны ел аузында сақталып бізге дейін жеткен дерекпен дәйектеуге болады. Шыңғысты (Темучин) 27 жасында шүршіт ортасында хан сайлап таққа отырғызғанда әр жұрттан билер жинап, көп ынтымағымен қойған екен. Сонда Майқы би арбасын жаяу кісілерге тартқызып барыпты. Сендер төрт аяқты хайуанға мініп келдіңіздер, мына мен өмірімде айуан мініп көргенім жоқ, бәріңнен артықшылығым осы деп Төбе би болған деседі ... Сөйтіп, «түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би атанған екен» [5, 21]. Қазақ еліндегі заң жүйесін реформалау кейінгі кезеңде өз жалғасын тауып отырған. Оның жарқын дәлелін қазақтың әйгілі әрі алғашқы хандарының бірі Әз-Жәнібек билік құрған тұста да көре аламыз. Жәнібектің жарғысы өте көлемді қатынастарды реттеуге арналған үлкен жарғының бірінен саналады. Бірақ та оның толық нұсқасы әзірше табылған жоқ. Бұл заңның жеке үзінділері Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының еңбегінде келтірілген [6, 43].

Одан әрі Қазақ Елінде заң түзу қызметі Қасым хан тұсында өз жалғасын табады. Қасымханның қазақ мемлекетінің іргесін нығайтуда ерекше роль атқарған ірі мемлекет қайраткері екені белгілі. Соның айғағы, оның өзіне дейінгі заң-жарғыны бір жүйеге түсіріп, уақыт талабына сай бейімдеп, жаңа серпін, бағыт беруінде еді. Ол жөнінде: XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басында Бұқардың «ишан қазылары қазақ өлкесінде діни үгіт жүргізіп, шарифат қағидасына бой ұсынуды уағыздайды. Бірақ уақыттың көбін мал бағумен өткізетін халық бұқарасына шарифат қағидалары қиын соғып, оған селқос қарап, ойыса қоймайды. Сондықтан шарифатты кіргіземін деген хандарға халық бұқарасы наразылық білдіріп, кейде ол көтеріліске ұласып отырған. Бұл тарихи оқиғаларды жақсы білген Қасымхан, саяси жағдайдың шиеленіскен кезінде халық бұқарасының билер тобының ойына, мүддесіне қарсы тұрмай, қайта олармен бірігіп, шарифаттың заңын үгіттеген Бұқар ишан-

казыларының әрекетін тойтарады. Сөйтіп, халықтың тілегіне жақын әрі ерте заманнан оларға түсінікті ежелгі жарғы заңын жаңадан күшейтті».

Халық Қасымның шарифатты алмай, ежелден қалыптасқан билер заңы-жарғыны, жаңадан жаңғыртқанын қатты ұнатып, оны «Қасымханның қасқа жолы» деп атап кетті [7, 295] дейді. Шын мәнінде бұл халықтың көкейінен шыққандықтың белгісі. Халық Қасымның мұндай қадамына дән риза болғандықтан, ол заңды Қасқа жол деп атап кеткен. Қазақта «Қасқа жолды» әбден жүре-жүре сүрлеуге айналған жолды, «қасқайып қарап тұрды» деп көзге бадырайып, тәккапарлықпен қарап тұрған адамды, «нар қасқа» деп нағыз қасқа жылқыны айтады. Бұл теңеулердің барлығынан біз нағыз сәйкестік, үйлесімділік, лайықтылық ой әуенін аңғарамыз.

Қазақтың көрнекті ақыны әрі философы Ш. Құдайбердіұлы өзінің қазақтың түп атасы атты өлеңінде:

Есімхан Тәуекелден туып қалған

Есімнің ескі жолы Заң шығарған деп жырлайтын Еңсегей бойлы ер Есім де қазақ мемлекеттігі мен құқықтық жүйесін нығайтуда зор еңбек сіңірген қайраткерлердің бірі. Есім дамытып, орнықтырған қазақ заңы жөнінде: «Есім салған ескі жол» («Есімханның ескі жолы») – Есім ханның (1598-1645) Қазақ Елін билеуі тұсында қалыптасқан әдет-ғұрып, жол-жобалар жиынтығы. Есім хан бір өзі әкім болып билік құру, елді мойынұсындырып бір орталықтан бағындыру, мемлекеттің жер ауқымын кеңейту үшін басқа елдерге шабуыл жасау саясатын ұстанды. Сондықтан ол қанға қан, мерткітіргенді мерткітіру, кек алу, құн төлеу, барымта, құлды сату, көп әйел алу, қалың мал төлеу, әменгерлікті сақтау, зекет жинау, айып салу, діни өшпенділіктер сияқты дәстүрлі ұлттық ескі салтқа арқа сүйеп соны уағыздады.

Ханды құбыжыққа теңеу, қазақи дәстүрді сақтауға байланысты қандай да болмасын қадамды ескіліктің сарынына теңеу кеңестік идеологияның жалпыға бірдей таратылған қағидасының көрінісі еді. Әйтпесе бұл атауға ескі жол ұғымының кертартпалық, ескішілдік дегеннен туып тұрмағынын, керісінше сонау бағзы замандардан ата-бабалар ғұрпы ретінде мирас болып келе жатқан заң дегенді білдіретінін түсіну үшін ғалым болу міндетті емес сияқты [8, 212].

Есім хан бұрыннан келе жатқан жол-жоралғыларды бір ретке келтіріп, заман ыңғайына қарай оның мән-мағынасын байытып, жаңа нәр береді. Сондықтан ол қазақ халқының жадында ескі жол ретінде бекиді. Осы уақытқа дейін бізге жеткен аңыздарды, деректерді саралай келе бұл «ескі жолда» сол кезеңге дейінгі қазақ еліндегі заңдарға мұндай толықтырулар мен түзетулер енгізілген деп пайымдаймыз.

1. Мемлекеттік, елдік тәртібіне қатысты жоралғылар (хан пәрменіне, батыр, абыз ісі, би мәртебесі).

2. Құн тарту жоралғылары (өнер құны, сүйек құны және құн ісін реттеу).

3. Жесір ісіне қатысты жоралғылар (әменгерлік және жесір дауы, оны шешу жолы).

4. Жаза белгілеу жоралғылары (жан жазасы, мал жазасы, ар жазасы және оны қолдану тәртібі).

Бұл заңдар сол кезде шақырылып тұратын билер кеңесінің талқысынан өтіп, бекітіліп отырған. Аталған жол – жоралғыны түзуде Есімханның әкесі құрметтеген Досмұхаммед бидің, Жиенбет бидің, Монтай бидің т.б. қайраткерлердің қосқан үлестері ерекше болған.

Енді қазақ заңының аталымы туралы әңгіме өрбітетін болсақ онда оның аталымы заңның мазмұны мен құрамын, күші мен деңгейін, орны мен құндылығын білдіретін көрсеткіш деп сипаттауға болады. Қазақ әдеп-ғұрпының (заңының) аталымын сарапқа салып, тексеру арқылы, қазақ құқығының тарихында қандай аталымдардың қолданылғанын, олардың тілдік тегін, этимологиясын, мағынасын, ерекшелігін және қасиетін білуге болады. Қазақ құқығының атауын жалқы және жалпы есімді деп екіге жіктеуге болады. Жалқы есім мағынасындағы аталымды құқықтарға (заңдарға) ортақ, бірыңғай, бірегей меншіктелген есімдер, айталық. 1) тору, 2) жол, 3) жарғы, 4) ереже сияқты атауларды жатқызуға болады. Жалпы есім мағынасындағы аталымдар: яғни заңның құрамындағы жеке заңдардың мазмұнын күшін және орнын меншіктейтін аталымдар. Айталық мұрагерлік меншік, отбасы және әменгерлік сияқты атауларды қосуға болады. Демек, қазақ құқығының аталымдары тұрғысындағы ойымызды қысқаша түйіндесек, олардың қазақ заңдарының тарихын толықтайтын, жіктейтін, сараптайтын өзіндік қызметі бар сала деп тұжырымдауымызға болады.

Сондай-ақ, Қазақ құқығының нысаны (формасы) жөнінде де қысқаша сараптама жасаған дұрыс деп ойлаймыз. Қазақ әдет-ғұрып құқығының нысанын қазақ заңдарының тарихында болған нұсқалар немесе үлгілер ретінде сипаттауға болады. Әр этностың, яки халықтың табиғаты мен болмысынан туындаған заңдарда өзіне ғана тән ерешелігі мен даралығы, бітімі айшықталып көрініп тұрады. Өйткені, кез келген этнос заңдары, өзін өмірге әкелген халықтың, ұлыстың тұрмыс-тіршілігін, туыстық-қауымдық қатынасын реттейді, әлеуметтік мүддесін қорғайды және дамытады. Сондықтан

сол заңдардың бейнелену нысанында сол халықтың өмір-салт ерекшелігінің таңбасы айқын көрініп тұратынын байқаймыз.

Қазақ құқығының тарихи нұсқалары мен үлгілеріне байыппен үңілетін болсақ, оның мынандай басым нысандарын кездестіруге болады.

1. Жарлық. Жарлық саяси-әлеуметтік биліктің жоғарғы буынында отырған немесе мемлекет билігін өз қолына ұстаған билеушінің қоғамды басқаруды іске асыру үшін шығарған бұйрығы. Өткен тарихымызда болған үйсін мемлекетінің билеушісі Сеңгіле Күнбидің: «өріске оймақ қосылмасын, табынға тұяқ қосылмасын» деп бүкіл елге жарлық шығарғаны, соның айғағы. Жарлықты жұрт орындайды.

2. Шешім. Шешім қазақ тарихында елдің бірлігі мен жердің тұтастығына қатысты болған маңызды, келелі істерді, хандық кеңестің, билер кеңесінің талқысына салып шешіп келген.

3. Кесім. Кесім дәстүрлі қазақ қоғамының көшпелі өмірінде, қазақ даласын ғасырлар бойына толғандырып келген іргелі әрі көкейтесті мәселелердің жетерлік болғандығынан хабардар етеді. Сондай-ақ, олардың туындау себебі де, шешілу жолдары жауапты болған. Оған қатаң кесім шығарылған. Аға сұлтан Құнанбайдың Қодарды таспен атып өлтіруге кесім шығаруы соның айғағы. Кесімге жұрт тоқтайды.

4. Бітім. Бітім қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік өміріндегі дені басым саласы яғни, азаматтық істер. Мәселен, қазақтың өмір-салты жағдайында жесір дауы мен жер дауынан тартып, әр деңгейдегі алашақ-берешектерге дейінгі талас-тартыстардың барлығы қасақаналық түрдегі қылмыстық мақсаттан туындамайды. Сондықтан істер-жарастыру, татуластыру тұрғысынан қарастырылады да, оған бидің бітімі шығарылады. Бітімге жұрт жүгінеді. Демек, қазақ құқығының басым нысандары болған жарлық, шешім, кесім, және бітімдердің қазақ әдет-ғұрып құқығының тарихы мен теориясынан алатын орны ерекше деп тұжырымдауымызға болады.

5. Қазақ құқығының ұғымы жөнінде. Қолда бар деректерді сараптай қарағанда, тарихта кездесетін қазақ заңдарының қай-қайсысы да этностардың, ұлыстардың саяси билігімен әрі бірлігімен тығыз байланысты болған. Этностардың саяси билігі болмаған жерде, қазақ заңының болғандығы жөнінде сенімді деректер жоқ деп айтуға болады.

Біз халқымыздың көне заманнан бергі қалыптасып, дамыған құқығына байыппен зер салғанымызда мынандай қасиеттерін кездестеріміз. Біріншіден, қолданатын заң болған. Өйткені, мазмұны мен мәтіні қандай болуына қарамастан, ең әуелі орындайтын заңның болуы алғашқы шарттың бірі. Екіншіден, заңды орындайтын бедел болған. Заң қаншалық жетілген және кемелденген болса да, егер оны іске асыратын механизм болмаса ол заң жоққа тән. Сондықтан заңды орындайтын беделдің болуы міндетті. Үшіншіден, қазақ заңы өмірде нақты қолданысқа ие болған. Егер заң бола, оны орындайтын бедел бола тұра, ол заң өмірде қолданылмаса, қоғам сұранысын қанағаттандырмаса, ол заң өмір сүруден қалады немесе жойылады. Осындай шарттарға негізделген қазақ құқығының жалпы ұғымын былайша тұжырымдауға болады: «халық немесе мемлекет билігі таныған әрі оның орындалуына ықпал жасаған, белгілі бір аймақта дүниеге келген, халықтың немесе мемлекеттің ішкі-сыртқы қатынастарын үйлестіретін, заң күшіне ие болған ықылым заманнан сабақтасып келе жатқан іс-әрекет нормалары».

Сонымен, жоғарыда қысқаша сипатталған, бір-бірімен тығыз байланыста болған бес мәселе қазақ құқығының тарихына тікелей байланысты. Сондықтан қазақ құқығын зерттегенде оларға соқпай кету мүмкін емес. Оларды зерттеу, олардың орнын меншіктеу, оларды қазақ құқығының тұтас тарихында қамти отырып қарастыру заңды құбылыс. Сондай-ақ, қазақ құқығының тарихы жалпы қазақ заң тану ғылымындағы маңызды мәселелердің бірі. Өйткені, ол қазақ құқығының табиғаты мен болмысын тарихи тұрғыдан сомдайды, теориялық жағынан айқындайды.

Сонымен қазақ халқы мен мемлекеттігі құқығының тарихында арналған бөлімде, қазақ құқығының тарихын сомдауда айналып өтуге болмайтын кейбір маңызды жақтар мен қазақ заңының тарихына тікелей байланысты көкейтесті мәселелер қысқа болса да қозғалды. Мұндағы мақсат - қазақ құқығының тарихын тануда орын алып келген теориялық проблемалар мен қазақ заңының 3000 жылға созылған ұзақ тарихын саналы, жауапты және жүйелі түрде зерттеуге қозғау салу. Сол арқылы еліміздегі қазақ заң тану ғылымының қалыптасуына, оның қоғамда лайықты орын алып, беделді мамандыққа айналынуына мүмкіндігінше түрткі болу.

Сонымен қатар жоғарыда қарастырылған мәселелердің аясында қазақтың дәстүрлі қоғамы шаруашылығының табиғи сипаты мен қазақ әдет-ғұрып құқығының, әдет-ғұрыптық нормалардың таралу сипатының өзара қатынасына, ара-салмағына мән берген жөн деп ойлаймыз. Өйткені, қазақ халқы мен мемлекеттігінің тарихи қалыптасқан тұтастығы, XVIII ғасырдың алғашқы ширегінен бастап күшейе түскен жекелеген қазақ жүздерінің арасындағы экономикалық және саяси

байланыстар, қазақ халқы мәдениетінің біртектес деңгейі ғасырлар бойы қазақ әдет-ғұрып құқығының жалпы, негізгі ережелерінің сақталуына ықпалын тигізді. Осы тұрғыдан, қазақтың әдет-ғұрып құқығын хандық билік тұрғысынан мойындалған нормаларға жатқызуға бола ма және қажет пе деген сұрақтар туындайды. Дәстүрлі қоғамда кең тараған әдет-ғұрып нормаларының жекелеген нұсқаларын хандық билік тұрғысынан мойындау таппағанымен әдеттік-құқықтық нормалар деп есептеуге бола ма? Әдет-ғұрып нормалары мен әдеттік-құқық нормаларында іс-әрекетті жіктеудің ара-жігі қандай деген сұрақтар туындауы мүмкін.

Қазіргі заманғы көзқарас бойынша, құқықтық нормалар деп – мемлекет немесе оның құзырлы органдары мақұлдаған яки бекіткен іс-әрекет ережелерін айтамыз, ал әдеттік-құқықтық нормалар деп хандық билік тарапынан бекітілген немесе мақұлдаған әдет-ғұрып нормаларын айтамыз. Егер біз осы айтылған түсінікті ұстанған болсақ, дәстүрлі қазақ қоғамындағы әдеттік-құқықтық нормалардың маңызы мен қолдану аясын, шеңберін тым тарылтқан болар едік. Сондай-ақ, қазақ дәстүрлі қоғамында орталық билік – хандық билік әдетте күшті болған жоқ және бейбіт уақыттағы оның қызметі (функциясы) негізінен дау-дамайларды шешуде жоғарғы соттық инстанциясы болуында және өзіне қарасты жүздердің барлық ру-тайпаларын басқаруға негізделді. Сондықтан халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының білгірлері, әрі сақтаушысы, әрі іске асырушысы болып есептелген ерекше топ – билердің өзіндік құқықтық жағдайы мен мәртебесі дәстүрлі қазақ қоғамының өмірі мен ішкі ұйымдастырылу механизмінің ерекшелігі болып табылды. Олар қолданылып жүрген нормаларды анықтауда және бекітуде соңғы сөзді иеленді (кейде би ханнан жоғары болғанын тарихи деректерден білеміз). Әрбір рудың сайланған емес, халық мойындаған биі болған. Ол билер ішкі дау-дамайларды шешіп, маңызды мемлекеттік істерге де араласқан. Атақты билердің жеке-дара немесе алқалы түрде қабылдаған шешімдері соттық прецедент рөлін атқарды. Осылайша, дауларды шешуде негізге алынған әдет-ғұрып нормалары, билер, хандардың билігінің үгітшісі болмағанымен және оның берген айрықша өкілеттіктерін иеленбегенімен, нақты айтқанда ханның саясаты мен мүдделерін іске асырушы болмағанымен, халықтың тарапынан мойындау, қолдау тауып отырды. Билердің шешімдері мен әдет-ғұрып нормаларына іс жүзінде әдеттік-құқықтық норма күші берілді. Қарастырылып кезеңдегі көшпелі және жартылай көшпелі қазақ қоғамына тән әдеттік-құқықтық жүйе хандық билік мақұлдаған әдет-ғұрып нормаларын да қамтыды.

Әдет-ғұрып нормалары мен әдеттік-құқықтық нормалардың ара-жігі әрқашан айқын болды десек қателесеміз. Өйткені оларды талдау барысында, шартты түрде ғана белгілей аламыз. Басқаша болуы мүмкін де емес, себебі әдет-ғұрып құқығы үнемі өз бастауын, реттеушілік мазмұнын әдет-ғұрып нормаларынан алды және әдет-ғұрып нормалары арқылы оның мазмұны байып, кеңейіп отырған. Нақты айтқанда, әдет-ғұрып нормалары үнемі әдеттік-құқықтық нормаларға ұласып отырды. Қазақ дәстүрлі қоғамында басқару қызметіне байланысты орындалуы тараптардың келісімі бойынша аталған қоғамдағы мемлекеттік немесе өзге де органдардың араласуына әкелетін әдеттік-құқықтық нормалар тобын анықтайтын ерекше термин болған жоқ.

Әдет-ғұрыптар мен әдеттік-құқықтық нормалар үшін ортақ ұғымдар мен терминдер: «ескі әдет», «әдет-ғұрып», «ата-баба салты» т.б. қолданылды. Сонымен қатар нормалардың маңызын, мазмұнын айқындау қажет болғанда басқа да «жора», «жарғы», «жол», «жоба», «бітім» сияқты терминдер қолданылды. Бұл терминдер кейде қосарланып та («жоба-жора», «жол-жоба») қолданылды. Бірақ, «жарғы» терминінің ғана өзге ұғымдармен байланыстырылмайтын. Өйткені, «жарғы» ұғымы мемлекеттегі билік органдары мақұлдаған немесе бекіткен нормалардың жоғарыдағы нысандары есебінде болғандықтан деп тұжырым жасауға болады.

Әдебиетер тізімі:

1. Сиунну. -Алматы: «Санат», 1998. – 28 б.
2. Дунху. Гаучы. – Алматы: «Санат», 1999. – 35 б.
3. Сапарғалиев Ғ. «Төре» сөзінің Төркіні туралы. // Әділет Министрлігі хабаршысы. – 1995. – №2. – Б.31-35 .
4. Мәсімханұлы Д. Ежелгі Заңдар ережесі. // ҚР Жоғарғы сот жаршысы. – 1996. – №1. – 17 б.
5. Мухаммед Хайдар Дулати. Тарихи Рашиди. МИКХ. – Алматы, 1969. – С. 195-198.
6. Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баян. // Жалын. – 1996. – 43 б.
7. Қазақ ССР қысқаша энциклопедиясы. – Алматы, 1984. – 1 т. – 295 б.
8. Салғараұлы Қ. Қазақтар. – Алматы, 1995. – 212 б.